

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

және клиникалық белгі түрінде жүзеге асуын байқауға болады. Ине шаншуды қолданатын жағдайлар мен ауру түрлеріне мыналар жатады: аллергиялық жағдай (бронх демікпесі түріндегі тыныс алу жолдары аллергиясы, терідегі аллергиялық белгілер); жүйке жүйесі аурулары (сал ауруы, үштік және бет нервтерінің қабынуы, балалардың милық салдануы және остеохандроз); созылмалы стресс, жалпы әлсіздік, төмен иммунитет; ойық жара ауруы, ішек ауруы, ұйқы безі, өт дискинезиясы, энтероколит; эндокриндік және гинекологиялық, дерматологиялық аурулар, және т.б.

Инемен емдеу:

- жүйке жүйесін (ашуланшақ, ұйқысыздық, бас сақинасы және басқа да аурулар) қалыпқа келтіреді;

- ағзаның жұқпалы ауруларға және вирустарға қарсы күшін арттырады;
- қан айналымын және зат алмасуды жақсартады;
- буын жағдайын жақсартады (артрит, артроз)

Инемен емдеу тиімді әрі көп шығынды қажет етпейтін ем түрі болып табылады. Біздің дәуірімізге дейінгі 600 жылдары Корея, Жапония елдері аталмыш әдісті меңгерсе, инемен емдеу XVI ғасырда Еуропаға қарай таралды. Қазір әлемнің 120 елінде инемен емдеу әдісі кең өріс жайды. Бүгінде елімізде де бұл ем түрі дамып келеді. Арнайы білімді мамандар даярланып, орталықтар ашылуда, көптеген ауру түрлері емделуде.[4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

4. www.sujok.kz
5. www.doctorlin.kz
6. refl.info
7. www.justlady.ru

ӘӨЖ 338.1(510)

ҚЫТАЙ АРМАНЫ: ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Салық Жұмабек

Salik_jumabek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің

Қытай филологиясы кафедрасының оқушысы, Астана қаласы, Қазақстан

Қытай арманы, бұл Қытай коммунистік партиясы 18-ші ұлттық халықтық конгресінде төраға Си Цзинь Пинь мырза ұсынған маңызды нұсқау және маңызды ел басқару идеясы, ресми түрде ұсынған уақыты 29 қараша 2012 жыл. Си Цзинь Пинь “Қытай арманын” қытай ұлтының өркендеуі деп жариялады, бұны қытай ұлтының қазіргі заманғы ең ұлы арманы деп бағалады, сонымен қатар, бұл арманға қол жеткізуге болатынын айтты.

“Қытай арманы” негізгі бағыт-бағдары “екі жүз жылдық” деген мақсат қойды, айта кетсек: 2021 жылы қытай коммунистік партиясының құрылғанына 100 жыл, сондай-ақ, 2049 жылы Қытай Халық Республикасына құрылғанына 100 жыл, Біртіндеп қытай ұлтының өркендеуіне қол жеткізу, нақты елдің гүлденуі, ұлттық жасарту, халық бақытты болу болып табылады, іске асыру жолы ол қытайлық ерекшелікке ие социализм жолы болып табылады, қытайлық ерекшелікке ие социализм теориясы жүйесін ұстану, ұлт рухын насихаттау, қытай күшін біріктіру, саясат, экономика, мәдениет, қоғам және экологиялық өркениетті біріктіріп, жүзеге асыру.

Бірінші, “Қытай арманы” ол дегеніміз қытай халқы өзінің еліне, ұлтына және өзінің жарқын болашағына деген арманы, бұл дегеніміз елдің әл-ауқаты жақсару, ұлттың күшейю, халық бақытты болу, екі жүз жылдықты жүзеге асыру үшін негізінде мақсат етіп күресетін арман.

Екінші, “Қытай арманы” ол дегеніміз қытай елі өз жолымен жүру, қытай рухын дәріптеу, қытай күшін біріктіріп жүзеге асыру, сонымен қатар, Тайвань халқымен бірлесе отырып орындау, елдің толығымен бірігуін қамти отырып, арманға жету.

Үшінші, “Қытай арманы” дегеніміз бейбіт түрде даму, ынтымақтаса отырып жеңіске жету, әлем арманына қатысу ұстанымы, бұлар әділдікті, демократияны және дүние жүзілік тәртіпті үйлесімді жасауға итермелейтін арман жол.

Төртінші, “Қытай арманы” дегеніміз адамзат өркениетін қамтамасыз ету, әр түрлі мәдениет, әр түрлі құндылықтар өзара араласу, өзара төзімділік арманы, қытай халқы адамзатқа үлкен үлес қосу болып табылатын арман.

Бесінші, “Қытай арманы” әлемнің бейбіт дамуымен тығыз байланыстырады. Қытай арманы орындалса, қытай халқын бақытты болуға жетектеуден тыс, дүниежүзі халқында бақытты болуға жетектейді. Қытай жақсы болса, әлем оданда жақсы болады, әлем жақсы болса, сондай-ақ қытайда жақсы болады.

Қытай арманын жүзеге асыру үшін өзінің даму жолымен жүру, бұл даму жолы дегеніміз “қытайлық ерекшелікке ие социализм жолы”. Бұл жол шыныменде оңай келмеді. Бұл жол реформа, ашық саясаттан кейін 30 жылдан астам уақыт аралығында жүріп шыққан ұлы жол, ол Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін 60 жылдан астам уақыт аралығында зерттеп жалғастырылған жол, тағы да қазіргі заманнан кейін 170 жыл аралығында қытай ұлты даму барысында терең қортындылап жүріп шыққан жол, қытай ұлтының 5000 жылдық ұзақ тарих мәдениетінен жалғаса отырып жүріп шыққан жол, терең тарихы бар және нақты кеңінен негізі қаланған. Қытай ұлтының ой-танымы ерекше болып саналады, ұлы қытай мәдениетін жасады, ары қарай қытайға лайықты даму жолымен жалғастыра даму жолына түседі. Ел ішіндегі әр түрлі ұлттар міндетті түрде “қытайлық ерекшелікке ие социализм теориясына” сенім білдіруді, жолға сенім білдіру, жүйеге сенім білдіруді күшейту, мызғымас қытай жолымен алға батылдықыпен жүру.

“Қытай арманының” коннотаци, мемлекет бай-қуатты болу, ұлттық жасарту, халық бақытты болу, қоғам үйлесімді болуға қол жеткізу. Қытайдың қазіргі даму кезеңі, толығымен қытай арманын жүзеге асыру үшін “дөңгелек дәулеті” қоғамына қол жеткізу болып табылады, соған байланысты, “қытай арманының” осы кезеңдегі көптеген маңызды осы заманға белгілі сипаттамасы пайда болып жатыр [4, 65].

Біріншіден елдің қуат күші одан әрі көтерілуінің беріктік сипаттамалары. “Қытай арманының” бірінші алғышарты, елдің күш қуатын әрі қарай бір сатыға көтеру. Қазіргі таңда Қытай елінің жалпы экономикасы әлемде екінші орынды ұстап тұр, бірақ адам саны көп, даму біркелкі емес жағдай түбегейлі өзгерген жоқ. Партияның он сегізінші жиналысында 2020 жылға арналған үлкен жоспарлар қойылды, “дөңгелек дәулеті” қоғамының кешенді дамуы, экономика тұрақты дамуы, жалпы ішкі өнім және қала мен ауыл тұрғындарының кірісі 2010 жылдан еселей түсу, ғылым және технологиялар экономиканың өсуіне үлес қосу, инновациялық елдің қатарына кіру, демократиялық қоғам құру, мәдениет саласын айтарлықтай жақсарту. Бұл көрсеткіш жүйесі, осы аралықтағы “Қытай арманының” негізгі жоспарын орындады.

Екіншіден үйлесімді қоғамның бір сатыға көтерілуінің нақты ерекшелігі. Партия мүшелері мен жалпы әр түрлі ұлт өкілдерінің “Қытай арманын” орындаудағы түпкі мақсаты, халықтың негізгі мүдделерін жүзеге асыру, жақсы сақтау, жақсы дамыту, сонымен қатар, бақытты қоғам көрсеткішін көтеру. Бақытты қоғам көрсеткішін көтеру өте күрделі жоспар, оның ішінде материалдық факторларды ойластыру керек, тағыда материалдық емес факторларды ойластыру керек, негізгі мақсаты, қоғамның үйлесімді деңгейін жан-жақты көтеру керек. Партияның он сегізінші жиналысында бақытты қоғам көрсеткішін көтеру, қоғам әділеттілігін дәріптеу және қорғау, жалпы бірге гүлдену жолын ұстану, үйлесімді қоғамды әрі қарай дамыту, Қытайлық ерекшелікке ие социализм қоғамының негізгі талаптарын енгізеді, адамдардың өмірін жақсарту және өмір сүру деңгейін көтеру қоғамды құру негіз болып табылады. Бұл үйлесімді факторлардың толықтырылуы, “Қытай

арманының” әр кезеңінің дамуына нақты көрсетілді, сонымен қатар, “Қытай арманының” дамуына селпін берді.

Үшіншіден қытай мәдениеті одан әрі қарай жалғасудың мәдени ерекшелігі. Қытай мәдениеті әлемдегі тек бірден бір ғана неше мың жылдық тарихы үзілмеген, қазіргі заманға дейін жалғасқан ел, бірақ қазіргі заман өркениетін көрсету үшін, неше мың жылдық егін шаруашылық мәдениетінен асып түсуі тиіс.

Мемлекет қуатты болмаса, жауларға төтеп бере алмайды, ұлт күшеймесе, айдағардың ұрпағы болып саналмайды. Қытай ұлтының өркендеп күшейюі үшін, тек қана өткен жетістікті еске түсіріп мақтану емес, бұрынғы қуатты елден жәбір көргенін естен шығармау керек, даму үстіндегі қытай елі осы ғасырдың орта шенінен мәдениеті өркендеген, экономикасы дамыған, саясаты тұрақты, үлесімді қоғам, экологиясы таза, қазіргі заман социализм мемлекетін құру [1, 150].

Халық ауқатты өмір сүрсе ғана ел қуатты болады, халық бай болудың негізгі шарты мемлекет күш-қуатты болу, халық байыса елдің күшейюіне серпін қосады. Халық ауқатты өмір сүрмесе, ел дамуының жетістігін көруге болмайды. Халық бақытты болмаса, елдің дамып күшейюі тұрақты деп айтуға болмайды. Қытай елінің өркендеп қуатты ел болудағы түпкі мақсат, қытай халқы жақсы білім алу, тұрақты жұмыс істеу, жақсы жалақыға қол жеткізу, тұрақты әлеуметтік қамтамасыз ету, жоғары деңгейдегі медициналық қызмет көрсету, жайлы өмір сүру, жақсы қоршаған орта, балалар одан ары қарай жақсы ортада өсу, жұмыста жақсы, өмір сүру де жақсы болу тиіс. Нақты айтқанда, Қытай халқы бай-бақытты өмір сүру, абыроймен өмір сүру, әрбір адамның емін еркін жан-жақты дамуына қол жеткізу.

Дамып, көркею жолындағы қытай елі өз елінің мүддесін ойлау барысында өзге елді де ақылға қонымды жағдай жасау, өз елі даму барысында өзге елдерді де бірге қоса даму, қатты қарқынмен даму жолындағы Қытай, өз елінің халқы пайдасымен қоса өзге елдің халқы пайдасымен біріктіре отырып, белсенді түрде халықаралық іс-шараларға қатысу, ғаламдық қауыптарға шара қолдану, адамзаттың даму үстіндегі қиын сұрақтардың шешімін табу. Бір сөзбен қортындылағанда, “Қытай арманы” тек қытайдікі ғана емес, сонымен бүкіл әлемдікі [3, 76].

“Қытай арманы” қытайдың ұзақ уақытты жоспарлап жасаған ұлы саясат. Мұның басты мақсаты қытай халқының әл-ауқатын жақсарту, халық шаруашылығын дамыту, елдің экономикасын көтеру болып табылады. Сол арқылы, әлемдік дамуға өз үлесін қосуды мақсат еткен. Осы негізде қытайлық ерекшелікке ие социализм құру- бүгінгі қытайдың келешекке жол ашқан бағыт-бағдары болмақ. Бұл қытай халқының нақты жағдайына сәйкестендіріп жасалған стратегия. “Қытай арманы” өзегіде осы бағытты негіз еткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ван Ин Мей. Қытай арманын үйрену оқулығы. -2007
2. Ци Го Лан. Қытай арманына толық мәліметтер. -2013
1. 3.Лу Ин. Қытай арманы мәдениеті. -2005
3. Ву Цю. Әлем үшін Қытай арманын жүзеге асыру. -2009

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Серікхан Ботакөз Бақытжанқызы

Bota.serikkhan@mail.ru

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – Елубай А.

Дүние жүзі бойынша көптеген елдер тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданады. Әр тілде өзге тілден енген кірме сөздерді кездестіруге болады. Қытай тілінде де, басқа